



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

лауазымдардың қалыптасуы мен шығуына байланысты дереккөздерге талдау жасай келе, ең алғашқы пайда болған форма «қаған» титулын ерекше атап өткіміз келеді. Еуроцентристік көзқарасты ұстанған ғалымдар бұл лауазымның түркі халықтарына шеттен келген деген пікірлерді алға тартуда. Бірақ та ескерткіштегі жазулар мен басқа да келтірілген дәлелдер бойынша бұл лауазымның түркі халықтарының төл лауазымы екенін аңғартады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких племен Средней Азии. // - Сочинения. – Москва, 1968. Т.4.
2. Бернштам А. Социально – экономический строй Орхоно-Енисейских тюрок VI – VIII веков. – М.; Ленинград: И АН СССР, 1946. – 212 с.
3. Гумилев Л.Н. Көне түркілер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
4. Салғараұлы Қ. Түркілер. – Астана: Күлтегін, 2007. – 308 б.
5. Мелиоранский М.П. Об Орхонских и Енисейских надгробных памятниках с надписями. – Петербург, 1898
6. Жолдасбеков М., Сарткожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005 – 360 б.
7. Сыздықов С.М. Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
8. Альбаум Л.И. Живопись Афрасиаба. – Ташкент: ФАН Узбекской ССР, 1975. – 112 с.
9. Giraud R. Göktürk İmparatorluğu İleriş, Kapkan ve Bilge Hükümdarlıkları. – İstanbul: Ötüken, 1999.
10. Mori M. Kuzey Asya'daki Eski Bozkır Devletlerinin Tashkilatı // Tarih Enstitüsü Dergisi. 1978. - №14.
11. Pulleyblank, 1966 — Pulleyblank E.G. Chinese and Indo-Europeans. — Journal of the Royal Asiatic Society. 1966, № 1-2.
12. Культура и традиции коренных народов Северного Алтая / отв. ред. А.В.Малинов. – Санкт-Петербург: Изд. Дом С.-Петерб. гос. ун-та, 2008. – 400с.

ӘОЖ 81'367.625.431

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМШЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Камалашқызы Хамария

kamalashkyzy2014@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Мамерова А.

Есімшелер – есімдер мен етістіктің қасиетін бірдей иеленген тілдік құрал. Олар есімдерше септеледі, тәуелденеді және көптеледі. Сондай-ақ сын есімдердің орнына да қызмет атқарып, сөйлемде анықтауыш болады. Осы ерекшелігін ескеріп, А.Байтұрсынұлы бұл тілдік бірлікті есімше (есім сияқты) деп атаған.

Олар тіл жүйесінде есімдерше де және өзінің шыққан негізі етістіктерше де жұмсала алады. *Есімшелер* шақ, етіс тұлғаларының болымды-болымсыз түрлерінде жұмсала алады, сонымен қатар етістіктердің жанама септікті сөздерді меңгергіш қасиеті мен предикаттық қызметте жұмсалғыш қалпын да сақтаған. Яғни есімшелер де предикаттық қызметте жұмсалып, шақ мағынасын жасауға қатысады және олар да көсемшелер сияқты пысықтауыштық қызмет атқара алады.

Көне түркілік кезең мен орта ғасырлық дәуірде қазіргі тілдік зерттеулермен салыстырып қарағанда, есімше мәнінде қолданылған есімше формалары едәуір көп болған.

Есімше тұлғаларының Орхон Енисей жазбаларында кездесетіндігін көп зерттеушілер байқаған. Мысалға, есімшенің өткен шақ тұлғалары -мыш, -міш, -дүк, -дүк ескерткіште

баяндауыштық қызметте жұмсалады. Қазақ тіл білімін алғаш зерттеушілердің бірі. П.Я.Мелиоранский түркі тілдерінде -ған тұлғасы мен -мыш тұлғасы қатар жұмсалып келе жатқан тұлғалар екендігін анықтаған.

Қазақ тілінің грамматикасын зерттеген белгілі түрколог (бірінші бөлімі (фонетика және этимология) 1894 жылы, екінші бөлімі (синтаксис) 1897 жылы Санкт-Петербуртта басылып шықты) есімшелерді шақтық мағынасы бойынша екіге бөлініп тәртіптейді:

1) Өткен шақтық есімшелер: оларға «-ған, -ген» аффикстері арқылы жасалатын формалар жатқызылған (оқыған);

2) Келер шақтық есімшелер: оларға «-ар, -ер, -р» аффикстері арқылы жасалатын формалар жатқызылған.

Есімшелердің осы шағы туралы ол кісі жазбайды. Мұнымен қатар, мағынасына қарай бөліп, міндет мәнді есімше (долженствовательное причастие) терминімен келер шақтық есімшенің екінші түрін келтіреді. Бұған жатқызылғандар «-тұғын, -тын» түрлері (алатұғын, алатын) [Мелиоранский 1894: 54].

Қазақ тіл біліміне бұл терминді енгізген А.Байтұрсынұлы болатын [Байтұрсынұлы 1992: 251]. Есімше және көсемше тұлғалары грамматикаға қатысты барлық еңбектерде сөз болады. Қазақ грамматикасын жаңаша қарап, кейбір терминдерді басқаша атаған Қ.Жұбанов та «есімше», «көсемше» терминдерін А.Байтұрсынұлы терминдеріндегідей өзгертусіз қалдырған [Жұбанов 1999: 363]. Содан бері жарияланған барлық грамматикаларда *есімше* етістіктің функционалды жұрнағы ретінде танылып келеді. Мәселен, 2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасында» есімшеге «етістіктің функциялық жұрнақтарының бірі» деген анықтама берілген. «Есімше мағынасы жағынан етістіктерше болымды және болымсыз, салт-сабақты болып бөлініп, жақтық, шақтық мағынаны аңғартады. Бірақ түрленгенде есімдерше көптеледі, септеледі, тәуелденеді. Осы ерекшелігіне байланысты сөйлемде атрибуттық және предикаттық мағынаға ие болады» [Қазақ грамматикасы 2002: 591].

Ғалым С. Исаев өзінің «Қазақ тілі» еңбегінде есімшені былай сипаттайды: «Етістіктің ерекше түрі. Себебі есімше сөйлемде екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылады. Бірде жіктеліп келіп, қимылды, іс әрекетті белгілі бір шаққа байланысты білдіреді де, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады... Кейде есімше тұлғалы етістік бүтіндей басқа мәнде, басқаша қолданылады: етістікке тән болып келетін белгілі бір заттың қимылын емес, керісінше заттың сындық қасиетін, қатыстық белгісін білдіріп немесе заттанып заттық мәнде жұмсалады. [Исаев 1993: 76].

Қазақ тілінде есімше категориясын арнайы зерттеген Т.Ерғалиев қазіргі қазақ тілінде түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формалары деп мына қосымшаларды көрсетеді [Ерғалиев 1958: 73]: *-аған/еген –қашаған, тебеген, алаған; -ғалақ/гелек – ұшқалақ, жаңғалақ, сасқалақ; -шақ/шек – еріншек, сүріншек, ұрыншақ; -ғыш/гіш – білгіш, сезгіш, сенгіш; -мыш/міш, -мыс/міс – алдамыш, әлеміш, жасамыс; -геш – күлегеш.*

Бірдей тұлғада келген есімше жұрнақтары мен сөз тудырушы жұрнақтардың омоним екендігін және бір-бірінен айырмашылығын етістіктің синтагмалық құрамына қарап анықтауға болады:

1. Түбір
2. Негізгі түбір
3. Модификациялық
4. Функциялы [Маманов 1966: 73].

Ы.Мамановтың көрсетуіндегі функциялық жұрнақтар өзара синтагма түзе алмайды. Яғни есімше, көсемше жұрнақтарының орны болымсыз етістік жұрнағы мен жіктік жалғауының ортасы. Айтушының мақсатына қарай бұлардың бір тұлғасы ғана қолданыла алады. Ал буырқанған дегендегі *-қан, -ған* жұрнақтарының бірі етістік тудырушы, бірі есімше жұрнақтарына жатады да, Ы.Маманов көрсеткен етістіктің синтагмалық құрамының бірі негізгі түбір жағына бірі функциялық жұрнақтар тобына кіреді. Яғни екеуі функциялық жұрнақтарды бөліп тұратын дәнекер көпір болымсыз етістік жұрнағының екі жағында орналасады. Бұның өзі оларды ажыратудың формалды белгісіне жатады деуге болады.

А.Ысқақов -атын (-етін) тұлғаларының осы шақ жасай алатындығын ескертеді де оған мынадай мысал келтіреді: Сенің алғаның да, алатының да, аларың да ылғи алғыс деген сөйлемдегі алғаның – өткен шақ, алатының – осы шақ, аларың – келер шақты білдіреді дейді ғалым [Ысқақов 1991: 303]. А.Байтұрсынұлы осы шақтық есімшеге -ушы, -уші тұлғаларын жатқызған болатын [Байтұрсынұлы 1992: 251].

Ғалым П.Я.Мелиоранский айтып өткен көне түркі тіліндегі -мыш, -дук тұлғалары қазіргі қазақ тіліндегі -ған, -ген формаларына жұмсалым жағынан жақын.

Жалпы түркі тілдеріндегі есімшенің -ған, -ген тұлғасы туралы А.Н.Баскаковтың пікірі мынадай: «Форма на -ған, -ген исторический относилось к группе форм, составляющие пассивные результаты действия, которые позже были приосмыслены в значении законченного, завершеного факта действия, а затем получили семантику причастия прошедшего времени, сохранившего еще однако, семантическую связь с прежним своим значением завершеного факта действия безотносительно к категории времени» [Баскаков 1963: 438].

М.Оразовтың ойынша А.Н.Баскаковтың пікірі логикалық жақтан алғанда дұрыс, бірақ тілдік материалдар негізінде оны дәлелдеу өте қиын. Кейбір қазіргі түркі тілдерінде (карачай-балқар) -ған, -ген қосымшасы келер шақта да қолданылады. Мысалы, Карсоньға барған адам жоқпуду болады – Кисловодскиге баратын адам жоқ па? [Оразов 2001: 104]. Осы -ған, -ген қосымшасы М.Қашғари сөздігінде де көрсетіледі [Қашғари 1973: 63].

Есімше етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, сондай-ақ етіс және болымсыз етістік тұлғаларына төмендегідей жұрнақтар қосу арқылы жасалады. Қазақ тіліндегі есімшенің жасалуы мен түрлері төмендегідей:

<i>Түрлері</i>	<i>Жұрнақтары</i>	<i>Мысалдар</i>
Өткен шақ	-ған, -ген, -қан, -кен	барған, келген, айтқан, кеткен
Келер шақ	-ар, -ер, -р, -с (болымсыз)	барар, келер, айтар, кетер, бармас, келмес
Дағдылы	а) -атын, -етін, -йтын, -йтін ә) -ушы, -уші	баратын, келетін, оқитын, барушы, келуші
Мақсатты келер шақ	-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек	бармақ, келмек, айтпақ, көрмек, кетпек

Есімшелер функциялық жұрнақ болғандықтан, шаққа катысты түркітанушылар еңбегінде айтылған пікірлердің барлығында есімше жұрнақтары жөнінде сөз болып отырады. Салыстырып қарайтын болсақ: қазақ тіліндегі шақ категорияларынан -ған, -ген, -атын, -етін, -ар, -ер, -р; қарақалпақ тіліндегі -ған, -ген, -ар, -ер, -туғын; ноғай тілінде -ған, -ген, -ар, -ер; татар тілінде -ған, -ген, -ар, -әр, -аған, -әгән; башқұрт тілінде -ған, -ген, -ар, -ер, -әсак, -асак; өзбек тілінде -ған, -ген, -диган, -дигон, -ар, -ер; ұйғыр тіліндегі -ған, -гән, -ар, -әр; түркімен тіліндегі -ан, -ен, -ер, -ар, -жақ, -жек т.б. [Оразов 2001: 103].

Түркі тілдерінің тұңғыш грамматикасының бірі - «Общая грамматика турецко-татарского языка» деген еңбегінде профессор Қазем-Бек есімшелік формалардың бәрін райлардың негізі деп көрсете келе, «-мыш» (*бақмыш*) «-ар, ер» (*бақар*) формалы есімшелерді нақты амалдық формалар деп қарайды. Автор түрік тіліндегі есімшелерді септелмейтін, септелетін деп екі түрге бөледі де, етістіктердің райларын жасау жөнінде септелетін есімшені септелмейтін есімшеден бөліп қарайды. Мысалы, септелмейтін есімшелердің рай жасаудағы қызметін айта келіп, септелетін есімшелер туралы: «Мұны септелетін есімшелер туралы айтуға болмайды. Олардың қолданылуы сын есімдердің қолданылуы қандай болса, сондай», - деген пікір айтады [Қазем-Бек 1846: 12].

Жалпы қазіргі түрік тілінде есімшелер мен көсемшелерді ортақ бір атаумен *eylemsiler* деп атайды. Етістіктен жасала отырып, толықтауыш қызметін атқаратын және болымсыз түрі жасалатын, бірақ жіктелмейтін сөздер есімше, көсемше деп аталады. *Eylemsiler* түрлі жалғаулар алып, сөйлемде түрлі қызмет атқарады. Осыған байланысты оларды үшке бөліп қарастырады: *eylemliler, ortaclar және ulaclar*. Қазақ тілінде есімше және көсемше деп

қарастырамыз. Бірақ, түрік тілінде сын есімді етістікті **ortaçlar** деп атаса, үстеуден жасалған етістікті **ulaçlar** деп атайды. Ал, қазақ тіліндегі бұл екеуінің баламасы **есімше, көсемше** түрінде болады.

Түрік тіліндегі есімшелерді берер мағынасына қарай үш үлкен топқа бөліп қарастыруға болады (Hengirmen 1998: 255):

1. Ауыспалы осы және келер шақ есімшелері

-r, -ar, -er, -ır, -ir, -ur, -ür	Erken uyanmak için çalar saatimi kurdum. Hakim dosyayı bilir kişiye havale etti.
-maz, -mez	Tükenmez kalemler, dolma kalemlerden daha çok kullanılıyor. İtfaiyeciler, yanmaz kumaştan yapılmış elbiseler giyerler.
-(y)an, -(y)en	Dünyada çalışan kadınların sayısı her geçen gün artıyor. Az önce ofise gelen adamı tanıyor musun?
-mayan, -meyen	Dedikodu yapmayan insanlar, sevilen insanlardır. Allah görünmeyen kazalardan korusun!
-(y)ıcı, -(y)ici, -(y)ucu, -(y)ücü	Size sevindirici haberlerim var. Dün akşam doyurucu yemekler yedik.

2. Келер шақ есімшелері

-(y)acak -(y)ecek	Okunacak kitapları kendi odama aldım. Dikkat edin, içinde kırılacak eşyalar var.
-mayacak -meyecek	Dün unutulmayacak güzel şeyler yaşadık. Bitmeyecek işlerle uğraşıp vakit kaybetmeyin.
-ası -esi	Eli kırılalı kadın çocuğu dövmüş. Kör olası adam başımıza bela oldu.

3. Өткен шақ есімшелері

-dık, -dik, -duk, -dük -tık, -tik, -tuk, -tük	Çok tanıdık bir yüz. Dünkü adamı hatırlamadım, ama bana bildik biri gibi geldi.
-madık, -medik	Okunmadık kitap bırakmadı. Demedik söz mü bıraktı.
-mış, -miş, -muş, -müş	İmzalanmış evrakları bana getirin. Ağarmış saçlar sevgiye engel değildir.
-mamış, -memiş	Bitmemiş işlerin ücretini ödemeyin. Okunmamış kitapları okumak için zaman ayıralım.

Көне түркі тілдерінде қолданылған есімшенің өткен шағының бірі ретінде -мыш, -міш қосымшалы етістік болғанда белгілі. Әрине, қазіргі қазақ тілінің есімшелерінің ішінде -mI°ş (мыш, міш) қосымшасы қолданылмайды, бірақ бұл қосымша азын-аулақ сөздердің құрамында қолданылады. Мысалы, тұрмыс, балмыс, жасамыс, тарамыс т.б.

Осы -mI°ş (мыш, міш) қосымшаның жалпы қазақ тіліне қатысы туралы мәселе М.Томановтың еңбегінде толығырақ талданылған. Ғалым -мыш, -миш қосымшасының Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінде қолданылғандығын, мағынасында есімше, қимыл атауы және ашық райлық мән барлығын ескерткен. Қорытынды ретінде автор түркі тілдерінде есімшенің -ған, -ген және -мыш қосымшаларының қатар қолданылғандығын, бірақ екеуі екі тайпа тілі не тайпалар одағының тілінің ерекшелігі ретінде тән алынуы керектігін ескертеді [Томанов 1981: 97-98].

Жалпы түрік тіліндегі есімшелерге (zarf-fiil) қатысты жүргізілген зерттеу еңбектерді саралай келе, түрік тіліндегі негізгі есімше жұрнақтары туралы ғалымдардың пікірін кесте түрінде былай беруге болады:

	-(y)an -(y)en	-r -ar (er) -I°r	-maz -mez	-(y)I°cI°	-mI°ş	-D°I°k	-(y)acak -(y)ecek	-ası -esi
--	------------------	------------------------	--------------	-----------	-------	--------	----------------------	--------------

Muharrem Ergin	-(y)an -(y)en	-r -ar (er) -I°r	-maz -mez	-(y)I°cI°	-mI°ş	-D°I°k	-(y)acak -(y)ecek	-ası -esi
Tahsin Banguoglu	-(y)an -(y)en	-r -ar (er) -I°r	-maz -mez	-(y)I°cI°	-mI°ş	-D°I°k	-(y)acak -(y)ecek	-ası -esi
T. Nejat Gencan	-(y)an -(y)en	-r -ar (er) -I°r	-maz -mez	-(y)I°cI°	-mI°ş	-D°I°k	-(y)acak -(y)ecek	-ası -esi
Haydar Ediskun	-(y)an -(y)en	-r -ar (er) -I°r	-maz -mez	-(y)I°cI°	-mI°ş	-D°I°k	-(y)acak -(y)ecek	-ası -esi
Kaya Bilgegil	-(y)an -(y)en	-r -ar (er) -I°r	-maz -mez	-(y)I°cI°	-mI°ş	-D°I°k	-(y)acak -(y)ecek	-ası -esi
Zeynep Korkmaz	-(y)an -(y)en	-r -ar (er) -I°r	-maz -mez	-(y)I°cI°	-mI°ş	-D°I°k	-(y)acak -(y)ecek	-ası -esi

Бұлармен қоса түрік тілінде туынды есімше жұрнақтары да бар. Туынды есімше жұрнақтары келер шақтық мағына беретін -(y)acak, -(y)ecek, -mayacak, -meyecek есімше жұрнақтарымен өткен шақтық мағына беретін -dık, -dik, -duk, -dük, -tık, -tik, -tuk, -tük, -madık, -medik есімше жұрнақтарына тәуелдік жалғауы жалғану арқылы жасалады [Ergin 2009: 3009]. Мысалы:

-D°I°k + iyelik eki:	Tanımadığım insanlarla samimi olmayı hiç sevmem. Yaptığınız iş doğru mu sizce? Aşk olduğu, sevdiği kıızı hiç unutamadı.
-(y)A°cA°k + iyelik eki:	Seveceğim kızla evleneceğim. Atacağın her adımdan emin olmalısın. Evleneceği adam polismiş.

Түрік тілінде есімшелер басқа сын есімдер сияқты зат есімдерге айнала алады. Мысалы:

Kuyrukta bekleyenler şikâyet etmeye başladı.

Öğretmen ödev yapmayanlara kızdı.

Bende bu kitabın, yazarı tarafından İmzalanmış var.

Түрік тілінде есімше жұрнақтары арқылы жасалған кейбір сөздер өздерінің есімшелік ерекшеліктерін жоғалтып, есім сөз болып кететін кездері де бар. Мысалы:

İhtiyar adam çocuklarının geleceğini düşünüyordu.

Buzdolabında hiç yiyecek kalmamış.

Buradaki fakir insanlara giyecek yardımı yapılacaktı.

Bizim yaramaz, yine okulda arkadaşlarıyla kavga etmiş.

Түрік тілінде туынды есім ретінде қолданылатын есімшелер де бар. Мысалы: vatansever, cankurtaran, çörcatan және т.б.

Түрік тілінде есімшелер кейде сын есім қызметінде қолданылмауы да мүмкін. Мысалы:

Sabahtan beri seni aradığımı söylemediler mi?

Hikâyeden anladıklarımı size anlatacağım.

Seni unutmayacağımdan emin olabilirsin.

Bu şehri seveceğinizi sanıyorum.

Есімшелер – есімдер мен етістіктің қасиетін бірдей иеленген тілдік құрал. Олар есімдерше септеледі, тәуелденеді және көптеледі. Есімшелер көсемше тұлғаларының

калыптасуына негіз болған тіл жүйесіндегі көп тілдік бірліктің бірі. Қазақ тіліндегі есімшелердің ішінде ең белсенді қолданылатыны –ған тұлғасы болса, түрік тілінде -(y)A°n (-ан, -ен) және -mI°ş (мыш, міш) формалары ең жиі қолданылатын есімше тұлғалары болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Banguoğlu, Tahsin. Türkçenin Grameri. – Ankara, 2004.
2. Ergin, Muharrem. Üniversiteler İçin Türk Dili. – İstanbul: Bayrak Yayımları, 2009.
3. Hengirmen, Mehmet. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara, 2002.
4. Байтұрсынов, А. Тіл тағлымы. – Алматы: 1992.
5. Баскаков Н.А. Очерк грамматики ногайского языка. – Москва, 1963.
6. Ерғалиев Т. Қазақ тіліндегі есімше категориясы. –Алматы, 1958. –80 б.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 1999. –581 б.
8. Исаев, С.М. Қазақ тілі. – Алматы: 1993.
9. Исаев, С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: 1992.
10. Қазақ грамматикасы.- Астана, 2002. – 783 б.
11. Казем-Бек А. Общая грамматика турецко-татарского языка. -2-ое изд. – Казань, 1846. - 457с.
12. Қашғари М. Девону луғот-ит турк. – Ташкент, 1973.
13. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1966. –183 б.
14. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Часть I, изд. 1894 г., –Санкт-Петербург. – 154 с.
15. Оразов М. Етістік. –Алматы, 2001. –385 б.
16. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1981.
17. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1991. –381 б.

УДК398.91

«ДАРЫ» И ИХ ОТРАЖЕНИЕ В КАЗАХСКИХ ПОСЛОВИЦАХ

Кенжемуратова Сауле Алматкызы

saule_almatovna@bk.ru

Магистрант специальности филология: тюркские языки

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Тажибаева С. Ж.

Язык – это история и философия народа, в котором тысячелетиями накапливаются и вечно живут в слове бесценная кладезь человеческой мысли и опыта.

Одним из средств репрезентации понятия «дары» в языке являются пословицы и поговорки – краткие поэтические изречения народного происхождения, имеющие назидательный смысл [1, 240]. В яркой, лаконичной форме они выражают представления народа о мироустройстве, отражают особенности его национального характера, культурные стереотипы, ценности и приоритеты. В них зафиксирован результат длительного осмысления народом того или иного объекта или явления действительности, и поэтому они наглядно демонстрируют представление казахов о дарах как о части их языковой картины мира.

Понятие «Дар» - подарок; что-либо данное безвозмездно, является концептом универсальным и обладает национальной спецификой.

Само существование народа связано с уважением к своим культурным корням и традициям. Одной из таких традиций является обмен дарами в связи с событиями, как частного, так и общественного значения. Дары преподносятся для укрепления дружбы, для того, чтобы отметить важные даты и в целях оказания поддержки. Традиция обмена дарами –